

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Жолу энергетика қондырғылары кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі _____

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« » 20 ж.

(колы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Атырау ЖЭО-ның құрылымдық Техника-экономикалық негіздемесі

Орындаған Іздібай Нұрсұлтан мамандығы бойынша
(аты - жөні) ТЭСК-10-1
(тобы)

Жетекші Туманов М.Е. т.ғ.к. доцент.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :

т.ғ.к., доцент Түзелбаев Б.Ч
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
Тү « 09 » 06 20 14 ж.
(колы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

ака.оқитқысы Бексейітова Н.С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
Н « 09 » 06 20 14 ж.
(колы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша :

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« » 20 ж.
(колы)

Мөлшер бақылаушы:

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
Май « 09 » 06 20 14 ж.
(колы)

Пікір жазушы :

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« » 20 ж.
(колы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Жолуэнергетика факультеті
5B071400 - Жолуэнергетика мамандығы
Жолуэнергетика қандорғолары кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Іздібай Нурсұлбан Алманжолұлы
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Атырау ЖЭО құрылысының техника - экономикалық негіздемесі

ректордың « » № бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « » 20 ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

- 1) ЖЭО орналасуы - Атырау қаласы
- 2) ПТ - 80/100 - 130/13 және Т - 140/100 - 130 турбиналарының жалпылық сұлбесінің есебі

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

- 1) Атырау ЖЭО-ның бас несларының сипатталуы және құрылыс ауданының климаттық жағдайы
- 2) ЖЭО-ның негізгі жабдықтарының сипаттамаларымен бұл қандайлардың атын шарттардың есебі
- 3) Төлік және мазут сұлбесін есептеу
- 4) Газ және мазут жаруыштықтарының сұлбесін және жабдықтарын таңдау
- 5) Жалпы сұлбесінің қосалқы жабдықтарын таңдау
- 6) Әмір тіршілік қауіпсіздік бөлімі
- 7) Экономикалық бөлімі

диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	Қырым астананың қимайық жағдайы	10.03 - 22.03	
2.	ЖЗ-ның неізгі кондітрлар түрін таңдау	24.03 - 05.04	
3.	ПТ-80/100-130/13 және Т-110/120-130 бұйымтардың маңызын түсіндіру және сипаттамалары	07.04 - 13.04	
4.	ЖЗ-ның неізгі мадықтарының сипаттамалары	21.04 - 03.05	
5.	Газ және мазуғ шаруашылық және сүбіелері мен мадықтары таңдау	05.05 - 17.05	
6.	Су дайындау түбіелері мен мадықтары таңдау	07.05 - 13.05	
7.	Аспіртіршілік қауіпсіздігі	12.05 - 20.05	
8.	Экономикалық баһам	17.05 - 24.05	

Тапсырманың берілген уақыты « _____ » _____ 20 _____ ж.

Кафедра меңгерушісі _____
 (қолы) Құбарин А.А. Т.Ф.К, Доцент
 (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____
 (қолы) Туманов Н.Е. Т.Ф.К, Доцент
 (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____
 (қолы) Түрді Тәжібаев Н.А.
 (аты-жөні)

Аңдатпа

Бұл бітіру жұмысында Атырау қаласында ЖЭО салу мәселесі қарастырылған. Жұмыстың жылулық бөлімінде негізгі және қосалқы жабдықтар таңдалған.

Сондай-ақ өміртіршілік қауіпсіздігі мәселелері шешілген, экономикалық тарауға талдау жасалған.

Осы жұмыстағы мақсатым Атырау қаласының тұрғындарына электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында ЖЭО салу. Бұл ЖЭО жобасын салу кезінде қоршаған ортаға тигізетін зиянын ескере отырып және де экономикалық шығындарын барынша азайта отырып салу негізделді.

Аннотация

В настоящей выпускной работе рассматривается вопрос строительства ТЭЦ в городе Атырау. В тепловой части проекта произведен выбор основного и вспомогательного оборудования.

В проекте также разработан вопрос безопасности жизнедеятельности, а также проанализирован раздел экономической части.

Целью данной дипломной работы является строительство ТЭЦ, который будет обеспечивать электро и теплоэнергией жителей города Атырау. При основе строительства этого проекта учитывалась вред окружающей среде, а также сокращение экономических затрат до минимума.

Annotation

In this final work, the construction of thermal power station in the city of Atyrau. In the heat of the project made a choice of main and auxiliary equipment.

The project also developed a life safety issue, as well as analyzed the economic part of the section.

The aim of this thesis is the construction of thermal power station, which will provide electricity and heat Atyrau residents. At the base of the construction of this project took into account environmental damage, as well as reducing the economic costs to a minimum.

Кіріспе	3
1. Жылулық бөлім	5
1.1. ЖЭО-ның негізгі қондырғыларын таңдау	5
1.1.1. Берілген мәліметтер	5
1.1.2. Жылу жүктемелерінің есебі	5
1.1.3. ЖЭО-ның жылуландыру қондырғысының жылу есебі	5
1.1.4. ЖЭО-ның шығыр және бу қазан қондырғыларын таңдау	6
1.1.5. Жылу жүктемелерін маусым тәртібіне есептеу және негізгі қондырғылардың таңдауын анықтау	7
1.2. ЖЭО-ның бу турбиналы қондырғыларының жылулық сұлбесін есептеу	8
1.2.1. ЖЭО-ның түрі ПТ бу турбинасының жылулық сұлбесінің есебі	8
1.2.2. ЖЭО блогының есептік сұлбесін құрастыру	9
1.2.3. Жоғарғы және төменгі жылуландыруға арналған бу алымдарындағы буқысымын анықтау	10
1.2.4. Тоқталмайтын үрлеу судың сепараторының есебі	12
1.2.5. Қосылатын су шығысының мөлшері	13
1.3. ЖЭО-ның негізгі жабдықтарының сипаттамасы	37
1.4. ЖЭО-ның бу қазандарының отын шығысын есептеу	39
1.4.1. Күкіртті мазут сипаттамасы	39
1.4.2. Бу қазан пайдалы әсер коэффициенті	39
1.4.3. Бу қазанның отын шығысы	39
1.5. Отынмен қамтамасыз ету және отын дайындау жүйелерін таңдау	40
1.5.1. Мазут шаруашылығының сұлбесі мен жабдықтарын таңдау	40
1.5.2. Газ шаруашылығының сұлбесі мен жабдықтарын таңдау	44
1.6. Жылу сұлбесінің қосалқы бөлшектерін таңдау	45
1.6.1. Бу қазанның үрлеуімен су шығынын қабылдағыш кеңейткішін РНП таңдау	45
1.6.2. Жылу сұлбесінің бу шығырымен бірге қамтамасыз етілетін жабдықтарын таңдау	46
1.6.3. Газсыздандырғыштарды таңдау	47
1.6.4. Қоректендіру сорғыларын таңдау	48
1.6.5. Жылу жүйесінің су сорғыларын таңдау	48
1.7. Негізгі бу және сумен қамтамасыз ететін құбырларын таңдау	49
1.7.1. Қыздырылған бу құбырларын таңдау	49
1.7.2. Бу қазанды қоректендіру құбырларын таңдау	49
1.8. ЖЭО-ны техникалық сумен қамтамасыз ету сұлбесі	50
1.8.1. Электрстансадағы салқындатқыш айналым су шығысының есебі	51
1.8.2. Су қоймасының ауданы	51
1.8.3. Айналым сорғыларын таңдау	51

1.9. Үрлеу сорғыш машиналарын таңдау	52
1.9.1. Ауа үрлегіш желдеткіштерін таңдау	52
1.9.2. Түгін сорғышын таңдау	52
1.10. Түгін мұржа биіктігін есептеп таңдау	53
1.11. Су дайындау жүйесінің кестесін таңдау	54
1.11.1. Су дайындау кестесін таңдау	54
1.11.2. Толық химиялық тұзсыздандыру қондырғысының үнемділігі	55
2. Экономикалық бөлімі	55
2.1. ЖЭО-ның жылдық энергия жіберуі	56
2.2. Отынға жұмсалатын шығынды анықтау	56
2.3. Отынды қолданудың ПӘЕ-ін есептеу	57
2.4. Суға жұмсалатын шығындарды есептеу	57
2.5. Еңбекақы шығындарын есептеу	57
2.6. Амортизациялық аударылымдарды есептеу	59
2.7. Ағымдағы жөндеу шығындарын есептеу	59
2.8. Шығарындыларға төлемдерді есептеу	59
2.9. Жалпы стансалық және цехтық шығындарды есептеу	60
2.10. Энергия жіберудің өзіндік құнын есептеу	60
2.11. ЖЭО салуды және пайдалануды экономикалық бағалау	61
2.12. Таза келтірілген құнды NPV анықтау әдісі	63
2.13. Пайданың ішкі нормаларын IRR есептеу әдісі	64
2.14. Инвестицияның өтелу мерзімін PP есептеу	65
3. Өміртіршілік қауіпсіздік бөлімі	65
3.1. Микроклимат	66
3.2. Желдету жұмыстары	70
3.3. Шығырлы цехтегі желдетуді есептеу	72
Қорытынды	76
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	77

Энергетикалық өндіріссіз басқа өндіріс салалары жұмыс атқара алмайды. Сондықтан энергетика дамуына Қазақстанда көп көңіл бөлінеді.

Қазіргі кезде Қазақстан өндірісінің дамуының негізгі бағыттары энергетика саласының өркендеуіне міндетті талап қояды. Жылу электр станцияларына (ЖЭС) электр тоғын шығаруымен қатар өндіріс пен тұрғын үйлерді арзан жылу көзімен қамтамасыз ету жүктеледі.

ЖЭС-ның тұрақты жұмыс істеп тұруы үшін жабдықтар уақытымен жөдеуден өткізіліп тұруы қажет. Пайдалану және жөндеу жұмыстары сапалы жүргізілуі үшін өндірісті ұйымдастыруға керекті мамандар дайындалу, керекті аспаптар мен жабдықтар қамтамасыз етілу керек және ірі материалдар қосындысын қолдану қажет.

Бу өндіргіштерін пайдалану және жөндеуден өткізу жұмыс жүргізу жобасы (ЖЖЖ) арқылы іске асырылады. ЖЖЖ-сын мамандандырылған жобалау институты немесе өндіріс орнының мамандандырылған бөлімшесі дайындайды. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда өндіріс орнының жобасындағы нормативтік құжаттар қолданылады.

Электр қайратын барлық салада пайдалануына себеп болған оның қолдануға тиімділігі және қолайлы болғанына байланысты.

Электр қайратын отын, су қоры бар жерде өндіріп алыс қашықтыққа шығынсыз жеткізуге болады. Электр қайратын оңай энергияның басқа түрлеріне айналады (жылу, жарық, механикалық қайрат), өндірістерде жоғары автоматика жүйелеріне қолдануға себеп болады.

Қазіргі өндірістерде және тұрмыс саласында будың , ыстық судың қайратын пайдаланады. Жылу электр станциялары тұтынушыларды электрқайратымен, бу және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Отынның жылуымен істейтін электрстанцияларды жылу электрстанциялар (ЖЭС) деп атайды. Жылу электр станцияларының екі түрі болады:

- тек электр қуатын өндіретін ЖЭС –шықтық электрстанциялар (КЭС);
- электр қуатын мен жылу өндіретін ЖЭС – жылу электр орталығы (ЖЭО).

ЖЭС-дың негізгі екі жабдықтары болады – бу өндіргіші және бушығыры.

Буөндіргіші, отынның жылуымен суды қыздырып бу өндіреді, ал өндірілген бу шығырының роторын айналдырады. Шығырдың роторына электрөндіргіштің роторы қосылған, сондықтан электрөндіргіштің роторы айналғанда, электр қайраты өндіріледі.

Бу өндіргіштерінің отынға байланысты газ, мазут және көмір жағатын; бу қысымына байланысты кіші, орташа, биік, өте биік қысымды түрлері болады.

Судың қайратын пайдаланатын электр станцияларды гидравликалық электр станциялар (ГЭС) деп атайды. ГЭС-тер жарданқұлаған судың, ағыстың , теңіз суының тасу-құйылуының қайратын пайдаланады.

Атом ядроның бөліну қайратын пайдаланатын электр станцияларды атом электр станциялары (АЭС) деп атайды. АЭС-тер уран-235, плутоний-239 ядролық отын қолданады. Бұл отынның пайдаланатын көлемі аз болғасын оны тасмалдауға қиындығы жоқ болады, сондықтан АЭС-терді тұтушыларға жақын салуға болады, тек су бар жер болса.

Қазіргі кезде жел, күн энергияларымен істейтін электр станциялар пайда болып жатыр. Жел электр станциялар Қазақстанда тиімді болады деп ойлаймын, себебі бізде желді аймақтар көп. Мәселен тек Жоңғар қақпасын алсақ та бірталай электр қайратын өндіруге болады.

Әлем саласында, жоғары температуралық техника дамуына байланысты, магнитті гидродинамикалық өндіргіштер (МГДГ) пайда болды. МГД өндіргіштері плазма арқылы жылу қайратын тіке электр қуатына айналдырады.

Қазақстанда қазіргі салада көбінесе ЖЭС-тер салыну мәселесі көтеріледі. Қазақстан жері табиғи отын жағынан бай: көмір, мұнай, газ. Сондықтан отын көздеріне жақын жерде жылу электр станциялар орнатуға болады. Газ шығатын көздерден газды құбыр арқылы керекті жерге апаруға болады. Бұл бу-газ қондырғылы электр станция орнатуға мүмкіндіктер туғызады. Бу-газ қондырғылары өте тиімді, айналадағы ортаға зиянсыз болады және қуатын азайтып көбейтуге қолайлы. Көмір көздері жанында қуаты мол қондырғылы электр станциялар орнатқан дұрыс.

Диплом жобасында, Атырау қаласында салынатын ЖЭО-ның жабдықтарын орнату жобасы берілген. Жағылатын отыны мазут пен газ.

Диплом жобасында жылу жүктемелер есептелген, негізгі жабдықтар таңдап алынған. Қазандардың химиялық жұмыс тәртібін ұйымдастыруы көрсетілген.

1. Жылулық бөлім

1.1. ЖЭО-ның негізгі қондырғылар түрін таңдау

1.1.1. Берілген мәліметтер:

ЖЭО орналасатын аймағы – Атырау қаласы;

Есепті маусым температуралары:

- жылуландыру жобасына, $t_{\text{н}}^{\text{р}} = -30 \text{ }^{\circ}\text{C}$;
- жылдағы ең салқын ай, $t_{\text{хм}} = -14,2 \text{ }^{\circ}\text{C}$;
- жылу беру уақытының орташасы, $t_{\text{н}}^{\text{ср}} = -6,5 \text{ }^{\circ}\text{C}$;
- жазғы уақыт, $t_{\text{н}}^{\text{лето}} = 28,4 \text{ }^{\circ}\text{C}$;

Тұрғын саны, $A = 310$ мың адам;

Өндіріс бу шығысы, $D_{\text{п}} = 320$ т/сағ;

Өндіріс бу қысымы, $P_{\text{п}} = 1,2$ МПа;

Өндірістен қайтып келетін шық коэффициенті, $K = 0,8$;

Өндірістен қайтып келетін шық температурасы, $t_{\text{к}} = 70 \text{ }^{\circ}\text{C}$;

Ыстық сумен қамтамасыз ететін жүйе түрі – жабық;

Бір адамға жылу мен желдетуге жұмсалатын жылу мөлшері:

$$q_1 = 1,71 \text{ кВт/адам};$$

Бір адамға жұмсалатын ыстық су жылуының мөлшері:

$$q_2 = 0,80 \text{ кВт/адам}.$$

1.1.2. Жылу жүктемелерінің есебі

Өндіріске берілетін бу шығысы: $D_{\text{п}} = 180$ т/сағ;

Жылуландыру мен желдету жүктемесі:

$$Q_{\text{от+в}} = A \cdot q_1 = 310 \cdot 1,71 = 530,1 \text{ МВт};$$

Ыстық су жүктемесі:

$$Q_{\text{гвс}} = A \cdot q_2 = 310 \cdot 0,80 = 248 \text{ МВт};$$

Жылуландырудың толық жүктемесі:

$$Q = Q_{\text{от+в}} + Q_{\text{гвс}} = 530,1 + 248 = 778,1 \text{ МВт};$$

Тапсырма бойынша берілген жылу жүйесіндегі температуралық графигінен:

- тіке магистральдағы судың ең жоғары температурасы, $t_{\text{пм}} = 150 \text{ }^{\circ}\text{C}$;
- кері магистральдағы судың ең жоғары температурасы, $t_{\text{ом}} = 70 \text{ }^{\circ}\text{C}$;
- жылу желісіндегі судың орташа температурасы, $t_{\text{срс}} = 115 \text{ }^{\circ}\text{C}$.

1.1.3. ЖЭО-ның жылуландыру қондырғысының жылу есебі

ЖЭО-ның жылуландыру қондырғысының сұлбесі 1.1-ші суретте көрсетілген.

Жылу желісінің көлемі:

$$V_{\text{тс}} = (Q_{\text{отв}} + Q_{\text{гвс}}) \cdot (A_1 + A_2) = (530,1 + 248) \cdot (8,6 + 26) = 26922,3 \text{ м}^3 ;$$

мұнда жылу желісінің меншікті көлемі:

- сыртқы желілер, $A_1 = 8,6 \text{ м}^3/\text{МВт}$;

- ішкі желілер, $A_2 = 26 \text{ м}^3/\text{МВт}$;

Жылу желісінің су шығынының негізгі мөлшері шарт бойынша жылу желінің көлемінен 0,5% құрайды:

$$G_{\text{ут}} = (0,5/100) \cdot V_{\text{тс}} = (0,5/100) \cdot 26922,3 = 134,6 \text{ т/сағ};$$

Жылу желісінің су шығынына байланысты жылу шығыны:

$$Q_{\text{ут тс}} = G_{\text{ут тс}} \cdot C_p \cdot (t_{\text{тс}} - t_{\text{хв}}) / 3600 = 134,6 \cdot 4,19 \cdot (115 - 5) / 3600 = 17,2 \text{ МВт};$$

Су шығынын өтейтін сумен келген жылу мөлшері:
 $Q_{\text{подп}} = G_{\text{ут тс}} \cdot C_p \cdot (t_{\text{подп}} - t_{\text{хв}}) / 3600 = 173,7 \cdot 4,19 \cdot (40 - 5) / 3600 = 7,0 \text{ МВт};$
 мұнда су шығынын өтейтін су температурасы, $t_{\text{подп}} = 40 \text{ }^\circ\text{C};$
 салқын су температурасы, $t_{\text{хв}} = 5 \text{ }^\circ\text{C};$

Жылуландыру қондырғының жылулық қуаты:


$$Q_{\text{ту}} = Q_{\text{от+в}} + Q_{\text{гвс}} + Q_{\text{ут тс}} - Q_{\text{подп}} = 684 + 320 + 22,2 - 7,0 = 1019,2 \text{ МВт};$$

Жылуландыру коэффициентін ескергендегі жылуландыру қондырғының жылу қуаты ($\alpha_{\text{тэц}} = 0,55$):

$$Q_{\text{осп}} = \alpha_{\text{тэц}} \cdot Q_{\text{ту}} = 0,55 \cdot 1019,2 = 560,5 \text{ МВт};$$

Су жылытқыш қазандарының қуаты:

$$Q_{\text{пвк}} = Q_{\text{ту}} - Q_{\text{осп}} = 1019,2 - 560,5 = 458,7 \text{ МВт}.$$



1.1-ші сурет. Жылуландыру қондырғының сұлбесі

ПМ и ОМ – тіке және кері бас жолдар; СН1 и СН2 – желі сорғылары;
 ПВК – шындық су жылытқыш қазан; СПВ и СПН – астыңғы және үстіңгі
 су жылытқыштар; ВД – желі суының вакуум газсыздандырғышы;

1.1.4. ЖЭО-ның шығыр және бу қазан қондырғыларын таңдау

Өндіріске бу және жылуландыру жүктемесін өтеуге бу шығырлы қондырғылар таңдаймыз:

№1 ПТ-80/100-130/13 өндіріске бу және жылуландыру жүктемесін:

өндіріске бу $D_{\text{п}} = 160 \text{ т/сағ};$

жылуландыру жүктемесі $Q_{\text{т1}} = 80 \text{ МВт};$

№2 ПТ-80/100-130/13 өндіріске бу және жылуландыру жүктемесін:

өндіріске бу $D_{\text{п}} = 160 \text{ т/сағ};$

жылуландыру жүктемесі $Q_{\text{т2}} = 80 \text{ МВт};$

№3 Т-110/120-130 жылуландыру жүктемесі $Q_{\text{т3}} = 201 \text{ МВт};$

№4 Т-110/120-130 жылуландыру жүктемесі $Q_{\text{т4}} = 201 \text{ МВт};$

Толық жылуландыру жүктемесі $Q_{\text{т}} = 562 \text{ МВт}.$

Анықталған жылуландыру коэффициенті:

$$\alpha_{\text{тэц}} = Q_{\text{т}} / Q_{\text{ту}} = 562 / 1019,2 = 0,595;$$

Анықталған шыңдық (су жылытқыш қазандар) жүктемесі:

$$Q_{\text{пвк}} = Q_{\text{ту}} - Q_{\text{т}} = 1019,2 - 562 = 457,2 \text{ МВт};$$

Шыңдық су жылытқыш қазандар түрі КВГМ-180;

КВГМ-180 (208 МВт) 3 дана

Су жылытқыш қазандарының жылу қуаты;

$$Q_{\text{пвк}} = 3 \cdot 208 = 624 \text{ МВт};$$

Бу шығырларының қыздырылған бу шығысы:

$$\text{№1 ПТ-80/100-130/13 } D_{o1} = 480 \text{ т/сағ};$$

$$\text{№2 ПТ-80/100-130/13 } D_{o2} = 480 \text{ т/сағ};$$

$$\text{№3 Т-110/120-130 } D_{o3} = 485 \text{ т/сағ};$$

$$\text{№4 Т-110/120-130 } D_{o4} = 485 \text{ т/сағ};$$

Шығырлардың толық бу шығысы:

$$\sum D_o = 2 \cdot 480 + 2 \cdot 485 = 1930 \text{ т/сағ};$$

Бу қазандарының толық бу өнімділігі:

$$D_{\text{ка}} = (1 + \alpha + \beta) \cdot \sum D_o = (1 + 0,02 + 0,03) \cdot 1930 = 2026,5 \text{ т/сағ};$$

ЖЭО-да орнатуға түрі БКЗ-420-140НГМ бес қазан таңдаймыз, толық бу өнімділігімен:

$$\sum D_{\text{ка}} = n_{\text{ка}} \cdot D_{\text{ка}} = 5 \cdot 420 = 2100 \text{ т/сағ}.$$

1.1.5. Жылу жүктемелерін маусым тәртібіне есептеу және негізгі қондырғылардың таңдауын анықтау

а) маусымдық шартты температуралары:

- жылуландыру, $t_{\text{н}}^{\text{р}} = -30 \text{ } ^\circ\text{C}$;

- жылдағы ең салқын ай, $t_{\text{хм}} = -14,2 \text{ } ^\circ\text{C}$;

- жылуландыру уақытының орташа, $t_{\text{н}}^{\text{ср}} = -6,5 \text{ } ^\circ\text{C}$;

- жаз уақытының, $t_{\text{н}}^{\text{лето}} = 28,4 \text{ } ^\circ\text{C}$;

б) Қысқы ең жоғары тәртіп (I – тәртіп):

жылуландыру және желдету:

$$Q_{\text{отв1}} = Q_{\text{отв}} + Q_{\text{ут}} - Q_{\text{подп}} = 684 + 22,2 - 7,0 = 699,2 \text{ МВт};$$

Ыстық сумен: $Q_{\text{гвс}} = 320 \text{ МВт}$;

барлығы $Q_1 = Q_{\text{отв1}} + Q_{\text{гвс}} = 699,2 + 320 = 1019,2 \text{ МВт}$;

в) Есепті-тексеріс тәртіп (II – тәртіп):

$$Q_2 = Q_{\text{отв2}} + Q_{\text{гвс}} = 479,4 + 320 = 799,4 \text{ МВт};$$

бұның ішінде ыстық суға:

$$Q_{\text{гвс}} = 320 \text{ МВт};$$

жылуландыру мен желдетуге;

$$Q_{\text{отв2}} = Q_{\text{отв1}} (t_{\text{вн}} - t_{\text{хм}}) / (t_{\text{вн}} - t_{\text{н}}^{\text{р}}) = 699,2 \cdot (18 + 14,2) / (18 + 30) = 479,4 \text{ МВт};$$

г) Жылуландырудың орташа тәртібі (III – тәртіп):

$$Q_3 = Q_{\text{отв3}} + Q_{\text{гвс}} = 361 + 320 = 681 \text{ МВт};$$

бұның ішінде ыстық суға:

$$Q_{\text{гвс}} = 320 \text{ МВт};$$

жылуландыру мен желдетуге:

$$Q_{\text{отв3}} = Q_{\text{отв1}} (t_{\text{вн}} - t_{\text{н}}^{\text{ср}}) / (t_{\text{вн}} - t_{\text{н}}^{\text{р}}) = 699,2 \cdot (18 + 6,5) / (18 + 30) = 361 \text{ МВт};$$

д) Жазғы тәртіп (IV – тәртіп):

$$Q_4 = Q_{\text{лето ГВС}} = Q_{\text{ГВС}}(t_{\text{ГВ}} - t_{\text{ХВ}}^{\text{I}})/(t_{\text{ГВ}} - t_{\text{ХВ}}) = 320 \cdot (65 - 15)/(65 - 5) = 261,8 \text{ МВт.}$$

Есептелген мөлшерлерді 1.1-ші кестеге түсіреміз:

1.1-ші кесте

№	Мөлшерлердің аты	Белгісі	Өлшем бірлігі	Тәртіптері			
				I	II	III	IV
1	Өндіріске бу шығысы	D_{II}	т/сағ	320	320	320	320
2	Жылуландыру желдету	$Q_{\text{отб}}$	МВт	699,2	479,4	361,0	0
3	Ыстық су	$Q_{\text{ГВС}}$	МВт	320	320	320	261,8
4	Барлығы бірге:	Q_i	МВт	1019,2	799,4	681,0	261,8
5	Су жылытқыштар	$Q_{\text{б}}$	МВт	562,0	562,0	562,0	261,8
6	Су жылытқыш қазандар	$Q_{\text{пвк}}$	МВт	457,2	237,4	119,0	0

Есептеп табылған көрсеткіштер арқылы, тандап алынған негізгі қондырғылар түрі анықталады. Норма бойынша, бір бу қазан тоқтаған кезде, жұмыста қалған қондырғылар II – тәртібінің жүктемесін толық қабылдап беруі қажет. Есеп бойынша:

II – тәртіп жүктемесі: $Q_2 = 799,4 \text{ МВт}$;

Жұмыста қалған бу қазандар өнімділігі: $D_{\text{ка}} = 4 \cdot 420 = 1680 \text{ т/сағ}$;

Шығырлардың бу алымының қуаты:

- өндіріске бу $D_{\text{II}} = 320 \text{ т/сағ}$,

- жылуландыру қуаты $Q_{\text{отб}} = 361 \text{ МВт}$.

Шыңдық су жылытқыш қазандар: $Q_{\text{пвк}} = 624 \text{ МВт}$.

Қорытынды: Бір қазан тоқтап қалған кезде ЖЭО-ның қалған қондырғылары II-тәртіп жүктемесін алып кетеді, қондырғылар дұрыс таңдалған.

1.2. ЖЭО-ның бу турбиналы қондырғыларының жылулық сұлбесін есептеу

1.2.1 ЖЭО-ның түрі ПТ бу турбинасының жылулық сұлбесінің есебі

Жылулық есептің шарттары

ЖЭО сұлбесінің түрі ПТ екі блоктың жылулық сұлбесінің есебі тек бір блокқа өткізіледі.

Турбиналар электірлік графикпен жұмыс атқарады, шықтағыштағы жылулық құбырлар беті жұмыс атқармайды.

Шыңдық жылулық жүктеме су қыздырғыш қазандар (ПВК) арқылы өтеледі.

Турбина кірісіндегі будың алғашқы көрсеткіштері завод мәліметтерінен алынады.

ПТ-80/100-130/13 бу турбинасының жылулық сұлбесі заводтық типті сұлбемен алынады.

1.2.2 ЖЭО блогының есептік сұлбесін құрастыру


Блоктың есептік сұлбесін құрастырған кезде регенеративті су қыздырғыштар санын және олардың қосылуын ескеру қажет. Сонымен қатар, блоктың есептік сұлбесінде су дайындау сұлбесін, өндірістен қайтарылатын шық сұлбесін, тұтынушыға жылу жіберу сұлбесін келтіру қажет.

Регенеративті бу алымдарындағы көрсеткіштерді завод мәліметтері арқылы алынады. Өндіріске бу өндіріс бу алымының коллекторынан алынады, бу қысымы $P_{пр} = 1,27$ МПа мөлшерінде. Жылуландыруға және ыстық сумен қамдауға жылулық жүктеме ЖЭО-дан ыстық су ретінде беріледі. Ыстық суды қыздыру үшін ол су қыздырғыштардан және су қыздырғыш қазандардан өтеді. ПТ-80/100-130/13 бутурбиналы қондырғыда ыстық су төменгі, жоғарғы су қыздырғыштарынан және су қыздырғыш қазан өтіп қызады.

ПТ-80/100-130/13 бутурбиналы қондырғының есептік сұлбесі 2 - суретте көрсетілген.

Сұлбе бойынша қазанның өндіріліп шыққан бу турбинаға жіберіледі, ал турбинада жұмыс атқарып шыққан бу шықтағышқа (конденсаторға) жіберіледі. Шықтағыштан шыққан шық сорғымен төмен қысымды су қыздырғыштарынан өтіп газсыздандырғышқа түседі. Газсыздандырғышта шықтан ауа (оттегі) бөлінген соң шық қорек су болып аталады.

Қорек су сорғымен жоғары қысымды су қыздырғыштардан өтіп бу қазанға жіберіледі. Қазанның тоқталмайтын үрлеу суы екі сатылы сепараторға жіберіледі. Бу турбинада реттелмейтін бу алымдары және реттелетін өндіріске бу және жылуландыруға бу алымдары бар. Жылулық желідегі су шығынын өтеу үшін толықтыратын су вакуумды газсыздандырғышта дайындық өтеді.



2 Сурет – ПТ-80/100-130/13 бутурбиналы кондырғының есептік сұлбесі

1.2.3 Жоғарғы және төменгі жылуландыруға арналған бу алымдарындағы бу қысымын анықтау

ЖЭО-ның жылулық жүктемелері:

Қысымы $P_{\Pi} = 1,275 \text{ МПа}$ өндіріске бу алымынан бу шығысы $D_{\Pi} = 450 \text{ т/сағ}$; өндірістен қайтарылатын температурасы $t_{\text{БК}} = 80 \text{ }^{\circ}\text{C}$ шық мөлшері $D_{\Pi}^{\text{ВОЗВ}} = 70\% \cdot D_{\Pi}$;


ЖЭО-дан берілетін жылу мөлшерлері:

жылытуға $Q^{\text{от}} = 1575 \text{ ГДж/сағ}$;

ыстық сумен қамдауға $Q^{\text{ГВС}} = 135 \text{ ГДж/сағ}$;

толық жылулық жүктеме $Q^{\text{ТЭЦ}} = 1710 \text{ ГДж/сағ}$.

Жылуландыру кондырғының сұлбесі 3 - суретте келтірілген.



3 Сурет – ЖЭО-ның жылуландыру қондырғысының сұлбесі

ЖЭО-дағы желі судың толық шығысы

$$D_{\text{св}}^{\text{тэц}} = Q^{\text{тэц}} \cdot 10^3 / C \cdot (t_{\text{пм}} - t_{\text{ом}}) = 1710 \cdot 10^3 / 4,19 \cdot (150 - 70) = 5100 \text{ т/сағ};$$

мұнда судың жылу сиымдылығы $C = 4,19 \text{ кДж}/(\text{кг} \cdot ^\circ\text{C})$, тік және кері магистралды құбырлардағы су температурасы $t_{\text{пм}} / t_{\text{ом}} = 150 / 70 \text{ }^\circ\text{C}$.

Бір ПТ-80/100-130/13 бутурбиналы қондырғының желі су қыздырғыштарынан өтетін су шығысы:

$$D_{\text{св}}^{\text{т}} = D_{\text{св}}^{\text{тэц}} / n = 5100 / 3 = 1700 \text{ т/сағ}$$

мұнда ЖЭО-да орнатылған ПТ-80/100-130/13 бутурбиналы қондырғылардың саны $n = 3$.

ПТ-80/100-130/13 бутурбиналы қондырғының жылулық бу алымдарының толық номиналды жүктемесі $\Sigma Q_{\text{отб}}^{\text{т}} = 285 \text{ ГДж}/\text{кг}$.

Желі су мен будың жылулық баланс арқылы

$$\Sigma Q_{\text{отб}}^{\text{т}} = D_{\text{св}}^{\text{т}} \cdot C \cdot (t_2 - t_{\text{ом}})$$

желі су қыздырғышынан шыққан судың температурасын табамыз

$$t_2 = \Sigma Q_{\text{отб}}^{\text{т}} / D_{\text{св}}^{\text{т}} \cdot C + t_{\text{ом}} = 285 \cdot 10^3 / 1700 \cdot 4,19 + 70 = 110 \text{ }^\circ\text{C};$$

Жоғары және төмен желі су қыздырғыштарындағы қызуының мөлшері тең алынады, сондықтан төменгі желі су қыздырғыштан шыққан су температурасының мөлшері

$$t_1 = t_{\text{ом}} + (t_2 - t_{\text{ом}}) / 2 = 70 + (110 - 70) / 2 = 90 \text{ }^\circ\text{C};$$

Қыздыратын будың шығының температурасына дейін желі судың қызбауын $\delta t = 5 \text{ }^\circ\text{C}$ тең аламыз.

Жоғарғы және төменгі бу алымдарындағы қанығу температураларының және қысымының мөлшерлері

$$t_H^{BO} = 110 + 5 = 115 \text{ }^\circ\text{C}, \quad P_{BO} = 0,169 \text{ МПа}$$

$$t_H^{HO} = 90 + 5 = 95 \text{ }^\circ\text{C}, \quad P_{HO} = 0,0845 \text{ МПа.}$$


Регенеративті бу алымдарындағы қысымдар мөлшерін заводтық мәліметтер арқылы аламыз, 2-кесте.

2-кесте

№	1	2	3	Д	4	5	6	7
P_i , МПа	4,4	2,5	1,27	1,27/0,59	0,39	0,169	0,0845	0,012

1.2.4 Тоқталмайтын үрлеу судың сепараторының есебі

Үрлеу су сепараторы екі сатылы алынады, 4 - сурет.



4 Сурет – Үрлеу су сепараторларының (РНП) қосылу сұлбесі

1) Үрлеу су сепаратордың 1 сатысының есебі

Жылулық баланс теңдеуі $D_{пр} \cdot h_{пр} \cdot \eta_{c1} = D_{c1} \cdot h_{c1} + D'_{пр} \cdot h'_{пр1}$;

Материалды баланс теңдеуі $D'_{пр} = D_{пр} - D_{c1}$;

мұнда $D_{пр}$ – үрлеу су мөлшері, $D_{пр} = p \cdot D_{ка} = 0,01 \cdot 500 = 5 \text{ т/сағ}$;

$D_{ка} = 500 \text{ т/сағ}$ – қазанның бу өнімділігі;

$p = 0,01$ – үрлеудің бөлшегі;

$h_{пр}$ – үрлеу судың энтальпиясы, дағырадағы (барабандағы) қысым $P_6 = 15,5 \text{ МПа}$ арқылы, су мен будың кестелерінен табылады $h_{пр} = 1630 \text{ кДж/кг}$;

h_{c1} – сепаратордың 1 сатысында қысым мөлшері $P = 0,6$ МПа тең кезіндегі қаныққан құрғақ будың энтальпиясының мөлшері $h_{c1} = 2757$ кДж/кг;
 $h'_{пр1} = 670,5$ кДж/кг – сепаратордың 1 сатысынан шыққан үрлеу судың энтальпиясы.

Жылулық және материалды баланстар теңдеулерін бірге есептеп сепаратордың 1 сатысынан шыққан бу мен су мөлшерлерін табамыз:

$$D_{пр} \cdot h_{пр} \cdot \eta_{c1} = D_{c1} \cdot h_{c1} + D_{пр} \cdot h'_{пр1} - D_{c1} \cdot h'_{пр1};$$

$$D_{c1} = D_{пр} \cdot (h_{пр} \cdot \eta_{c1} - h'_{пр1}) / (h_{c1} - h'_{пр1}) =$$

$$= 5 \cdot (1630 \cdot 0,98 - 670,5) / (2757 - 670,5) = 2,2 \text{ т/сағ};$$

$$D'_{пр} = D_{пр} - D_{c1} = 5 - 2,2 = 2,8 \text{ т/сағ};$$

2) Үрлеу су сепаратордың 2 сатысының есебі

Екінші сатының есебі бірінші сатының есебіне ұқсас өткізіледі. Екінші сатыда пайда болған бу үшінші төмен қысымды су қыздырғышқа (ПНД-3) жіберіледі

$$D'_{пр} \cdot h'_{пр1} \cdot \eta_{c1} = D_{c2} \cdot h_{c2} + D''_{пр} \cdot h'_{пр2};$$

$$D''_{пр} = D'_{пр} - D_{c2};$$

Жылулық және материалды баланстар теңдеулерін бірге есептеп сепаратордың 2 сатысынан шыққан бу мен су мөлшерлерін табамыз:

$$D'_{пр} \cdot h'_{пр1} \cdot \eta_{c1} = D_{c2} \cdot h_{c2} + D'_{пр} \cdot h'_{пр2} - D_{c2} \cdot h'_{пр2};$$

$$D_{c2} = D'_{пр} \cdot (h'_{пр1} \cdot \eta_{c1} - h'_{пр2}) / (h_{c2} - h'_{пр2}) =$$

$$= 2,8 \cdot (670,5 \cdot 0,98 - 483,2) / (2699 - 483,2) = 0,22 \text{ т/сағ};$$

$$D''_{пр} = D'_{пр} - D_{c2} = 2,8 - 0,22 = 2,58 \text{ т/сағ};$$

мұнда екінші сатылы сепаратордағы қысым бойынша су мен будың энтальпияларының мөлшері

$P_{c2} = 0,17$ МПа, $h_{c2} = 2699$ кДж/кг; $h'_{пр2} = 483,2$ кДж/кг; $h'_{пр1} = 670,5$ кДж/кг.

1.2.5 Қосылатын су шығысының мөлшері

Химиялық су тазартуға (ХСТ) қажетті алғашқы су шығысы келесімен табылады

$$D_{св}^{тэц} = 1,25 \cdot D_{хов}^{тэц} + 1,4 \cdot D_{пк}^{тэц};$$

мұнда химиялық су тазартудың өзіндік мұқтаждарына қажетті су мөлшерлері 25% судың кермектігін азайту сұлбесіне, 40% химиялық тазарту цехындағы су қорына.

1) Жылулық желідегі су шығындарын өтеуге қажетті су мөлшері $D_{хов}^{тэц}$ жобалау нормалар арқылы жылулық желідегі су көлемінің 0,25 % мөлшерінде алынады. Норма бойынша [1], жылулық желідегі су көлемі 1 Гкал/сағ жылулық жүктемеге 65 м³ мөлшерінде алынады, сондықтан

$$V_{\text{TC}} = 65 \cdot Q^{\text{ТЭЦ}} / C = 65 \cdot 1710 / 4,19 = 26527 \text{ м}^3;$$

$$D_{\text{ХОВ}}^{\text{ТЭЦ}} = V_{\text{TC}} \cdot (0,25/100) = 26527 \cdot (0,25/100) = 66,3 \text{ т/сағ.}$$

2) Бу қазандарының шығындарын өтеуге қажетті су мөлшері $D_{\text{ПК}}^{\text{ТЭЦ}}$,


$$\begin{aligned} D_{\text{ПК}}^{\text{ТЭЦ}} &= 0,016 \cdot D_{\text{К}} \cdot n + 0,3 \cdot D_{\text{П}} + n \cdot D''_{\text{пр}} = \\ &= 0,016 \cdot 500 \cdot 3 + 0,3 \cdot 450 + 3 \cdot 2,58 = 166,7 \text{ т/сағ}; \end{aligned}$$

Химиялық су тазартуға қажетті су мөлшері

$$D_{\text{СВ}}^{\text{ТЭЦ}} = 1,25 \cdot D_{\text{ХОВ}}^{\text{ТЭЦ}} + 1,4 \cdot D_{\text{ПК}}^{\text{ТЭЦ}} = 1,25 \cdot 66,3 + 1,4 \cdot 166,7 = 316,3 \text{ т/сағ};$$

1.2.6 Алғашқы су қыздырғышының (ПСВ) есебі

Температурасы 5°C , шығысы т/сағ алғашқы су ПСВ-дан өтіп қыздырылады. ПСВ сұлбесі 5 - суретте келтірілген.



5 Сурет – ПСВ сұлбесі


ПСВ-да қыздырғыш жылуалмастырғыш жұмысын өндірістен келген шық орындайды, шық мөлшері т/сағ, температурасы 80°C . ХСТ-ға жіберілетін алғашқы су температурасы 30°C болу қажет.

ПСВ-ның жылулық есебінің мақсаты жылуын беріп салқындаған шықтың температурасын табу

$$t'_{\text{BK}} = t_{\text{BK}} - D_{\text{СВ}}^{\text{ТЭЦ}} \cdot (t'_{\text{СВ}} - t_{\text{СВ}}) / D_{\text{BK}} = 80 - 316,3 \cdot (30 - 5) / 315 = 55^{\circ}\text{C}.$$

1.2.7 Қазандарға қосымша су дайындайтын газсыздандырғыштың есебі

Есеп мақсаты – газсыздандырғыштағы қысымды табу. Газсыздандырғыштағы қысым қанығу температура арқылы табылады, ал қанығу температурасы газсыздандырылған судың энтальпиясы арқылы табылады.



6 Сурет – Қазандарға қосымша су дайындайтын газсыздандырғыштың сұлбесі

ХСТ-дан химиялық тұзсыздандырылып шыққан судың температурасы $t_{пк} = 40 \text{ }^\circ\text{C}$.

Газсыздандырғыштың материалдық және жылулық балантарының теңдеулері арқылы есептеу өткізіледі

$$D_d = D_{вк} + D_{пк}^{тэц}; \quad D_d \cdot h'_d = D_{вк} \cdot C \cdot t'_{вк} + D_{пк}^{тэц} \cdot C \cdot t_{пк};$$

$$(D_{вк} + D_{пк}^{тэц}) \cdot h'_d = D_{вк} \cdot C \cdot t'_{вк} + D_{пк} \cdot C \cdot t_{пк};$$

$$h'_d = [D_{вк} \cdot C \cdot t'_{вк} + D_{пк}^{тэц} \cdot C \cdot t_{пк}] / (D_{вк} + D_{пк}^{тэц}) =$$

$$= [315 \cdot 4,19 \cdot 55 + 166,7 \cdot 4,19 \cdot 40] / (315 + 166,7) = 208,7 \text{ кДж/кг};$$

Су мен будың кестелері арқылы, судың энтальпиясы $h'_d = 208,7 \text{ кДж/кг}$ тең кезде, температура мен қысымды табамыз $t_d = 49,7 \text{ }^\circ\text{C}$, $P_d = 0,012 \text{ МПа}$.

Бутурбиналы қондырғылардың түрлері бірдей болғаннан, жылулық есеп жалғасы бір қондырғыға өткізіледі.

1.2.8 Бу турбинадағы негізгі кеңею құбылысты hs-диаграммасында салу

Будың алғашқы сипаттамалары ($t_o = 540 \text{ }^\circ\text{C}$ және $P_o = 12,75 \text{ МПа}$) арқылы О нүктесін табамыз, 7 - сурет. Осы нүктедегі будың энтальпиясы $h_o = 3444 \text{ кДж/кг}$. Жапқыш және реттегіш клапандарындағы қысылу (кедергіден өту) құбылысы ескеріп, қысымы $P_o' = P_o \cdot \eta_{др} = 12,75 \cdot 0,95 = 12,1 \text{ МПа}$ тең, О' нүктені табамыз.

Будың турбинаның жоғары қысымды бөлшегіндегі (ЧВД) кеңею құбылысын саламыз. ЧВД-дан шыққан будың қысымы өндіріске бу алымындағы қысымға тең $P_{II} = 1,275 \text{ МПа}$. Адиабаталық кеңею құбылыстағы ЧВД-дан соң будың энтальпиясы $h'_{II} = 2836 \text{ кДж/кг}$.

ЧВД-дағы толық жылу құлама

$$H_o^{чвд} = h_o - h'_{II} = 3444 - 2836 = 608 \text{ кДж/кг}$$

ЧВД-дағы пайдалы іске асқан жылу құлама

$$H_i^{\text{ЧВД}} = H_o^{\text{ЧВД}} \cdot \eta_{oi}^{\text{ЧВД}} = 608 \cdot 0,83 = 504 \text{ кДж/кг}$$

ЧВД-дан шыққан будың негізгі энтальпиясы

$$h_{\text{п}} = h_o - H_i^{\text{ЧВД}} = 3444 - 504 = 2940 \text{ кДж/кг.}$$

Энтальпия $h_{\text{п}}$ және $P_{\text{п}}$ қысым қиылысу нүктесімен ЧВД-дағы кеңею құбылыс бітеді. Осыған ұқсас етіп орташа және төмен қысымды бөлшектердегі (ЧСД және ЧНД) будың кеңею құбылысы (ПӘК мөлшерлері есеріліп) салынады: $\eta_{oi}^{\text{ЧСД}} = 0,83$; $\eta_{др}^{\text{ЧСД}} = 0,85$; $\eta_{oi}^{\text{ЧНД}} = 0,65$; $\eta_{др}^{\text{ЧНД}} = 0,6$.

Будың hs -диаграммасынан келесі мәліметтер табылады:

$h''_{\text{т}} = 2552 \text{ кДж/кг}$, ($P_{\text{т}} = 0,0845 \text{ МПа}$), $h_{\text{к}} = 2280 \text{ кДж/кг}$, ($P_{\text{к}} = 0,0035 \text{ МПа}$).


Реттелмейтін бу алымдарындағы қысымдар арқылы энтальпиялар табылады. Бу мен судың барлық көрсеткіштері 3 - кестеге толтырылады.

1.2.9 Реттелмейтін регенеративті бу алымдарының көрсеткіштерін анықтау

Әр қыздырғыштарында судың қызуы бірдей деп санап жоғары және төмен қысымды қыздырғыштар тобындағы судың температурасы табылады

$$\Delta h^{\text{ПВД}} = (h_{\text{пв}} - h_{\text{пн}}) / \eta_{\text{пвд}}, \text{ кДж/кг}; \quad \Delta h^{\text{ПНД}} = (h_{\text{в4}} - h_{\text{вк}}) / \eta_{\text{пнд}}, \text{ кДж/кг};$$

мұнда $h_{\text{пв}}$ – қазанға жіберілетін (ПВД-1 ден соң) қорек судың энтальпиясы, қорек су температурасы $t_{\text{пв}}$ мен қысымы $P_{\text{пн}}$ арқылы табылады, завод мәліметтерімен $t_{\text{пв}} = 230 \text{ }^\circ\text{C}$, сондықтан $h_{\text{пв}} = h_{\text{в1}} = 994,1 \text{ кДж/кг}$.



7 Сурет – Бұдың hs -диаграммасында кеңею құбылысы

Қоректендіру сорғыдан (ПН) шыққан судың энтальпиясы

$$h_{\text{пн}} = h_{\text{вд}} + \Delta h_{\text{пн}} = 667,6 + 22,5 = 690,1 \text{ кДж/кг};$$

мұнда газсыздандырғыштан шыққан қысымы $P_d = 0,59$ МПа қорек судың энтальпиясы қанығу температура арқылы табылады, $h_{\text{вд}} = 667,6$ кДж/кг, ал қорек сорғыда судың энтальпиясының жоғарлау мөлшері $\Delta h_{\text{пн}}$ сорғының ПӘК-і $\eta_{\text{ні}} = 0,85$ мен меншікті көлемін $v_{\text{ср}} = 0,0011 \text{ м}^3/\text{кг}$ ескеріп, судың орташа қысымы $P_{\text{пн}}^{\text{ср}} = (P_{\text{пн}} + P_d)/2 = (18 + 0,59)/2 = 8,7$ МПа-ға тең кезінде

$$\Delta h_{\text{пн}} = v_{\text{ср}} \cdot (P_{\text{пн}} - P_d) \cdot \eta_{\text{ні}} = 0,0011 \cdot (18 - 0,59) \cdot 0,85 = 22,5 \text{ кДж/кг};$$

ПВД-да судың қызуы

$$\Delta h^{\text{ПВД}} = (h_{\text{ПВ}} - h_{\text{ПН}}) / \eta_{\text{ПВД}} = (994,1 - 690,1) / 3 = 101,3 \text{ кДж/кг};$$

Қорек судың энтальпиясы:

$$\text{ПВД-3 тен соң } h_{\text{В3}} = h_{\text{ПН}} + \Delta h^{\text{ПВД}} = 690,1 + 101,3 = 791,4 \text{ кДж/кг};$$

$$\text{ПВД-2 ден соң } h_{\text{В2}} = h_{\text{В3}} + \Delta h^{\text{ПВД}} = 791,4 + 101,3 = 892,7 \text{ кДж/кг};$$

ПНД-дан соң негізгі шық температурасы газсыздандырғыштың тұрақты жұмыс атқаруы үшін қысым $P_d = 0,59 \text{ МПа}$ кезіндегі қанығу температурасынан t_d^H мөлшері $\Delta t = 10 \div 40 \text{ }^\circ\text{C}$ төмен болуын ескеріп табамыз. Егер $t_d^H = 158,2 \text{ }^\circ\text{C}$, ал $\Delta t = 19,2 \text{ }^\circ\text{C}$ болса, газсыздандырғыш кірісінде негізгі шықтың температурасы $t_{\text{В4}} = 158,2 - 19,2 = 139 \text{ }^\circ\text{C}$. ПНД-4 қыздырғыштан соң шық энтальпиясы $h_{\text{В4}} = C \cdot t_{\text{В4}} = 4,19 \cdot 139 = 582,4 \text{ кДж/кг}$.

Су мен бу кестелері арқылы бу алымындағы қысым $P_4 = 0,39 \text{ МПа}$, будың шығының энтальпиясы $h'_4 = 601 \text{ кДж/кг}$.

3-кесте. Бу мен судың көрсеткіштері

№	Мәліметтер аты	Белгі	Нүктелер										
			0	0'	1	2	3	Д	4	5	6	7	К
1	Бу алымдағы қысым, МПа	P_i	12,75	12,1	4,4	2,5	1,27	0,59	0,39	0,169	0,0845	0,0136	0,0035
2	Бу энтальпиясы, кДж/кг	h_i	3444	3444	3200	3076	2940	2940	2762	2644	2552	2378	2280
3	Дренаж энтальпиясы, кДж/кг	$h_{\text{др}i}$			1115	962	810	667,6	601	483	398	218	112
4	Қыздырғыштан шыққан су температурасы, Град	$t_{\text{в}i}$			230			158,2	139	110	90	48	30
5	Қыздырғыштан шыққан су энтальпиясы, кДж/кг	$h_{\text{в}i}$			994	893	791	690,1	582,4	430,2	277,9	201	125,7

ПНД-1 қыздырғыш алдындағы шық температурасы шықтағыштан шыққан қысымы $P_k = 0,0035 \text{ МПа}$ шықтың қанығу температурасына $t_k^H = 26,7 \text{ }^\circ\text{C}$ және сальник қыздырғышы мен эжектордың салқындатқышындағы шықтың қызуы ескеріліп $\Delta t_{\text{СП+ОЭ}} = 3,3 \text{ }^\circ\text{C}$ келесіге тең болады $t_{\text{ВК}} = t_k^H + \Delta t_{\text{СП+ОЭ}} = 26,7 + 3,3 = 30 \text{ }^\circ\text{C}$. Осы температура арқылы шық энтальпиясы $h_{\text{ВК}} = 125,7 \text{ кДж/кг}$ тең.

5 және 6 бу алымдарындағы қысым мөлшері:

$P_5 = P_{во} = 0,169$ МПа; $P_6 = P_{но} = 0,0845$ МПа кезінде, бу шығы (дренаж) мен негізгі шықтың энтальпиялары:

$h'_5 = 483$ кДж/кг, $h_{в5} = 430,2$ кДж/кг; $h'_6 = 398$ кДж/кг, $h_{в5} = 277,9$ кДж/кг.

7 бу алымындағы қысым мөлшері $P_7 = 0,0136$ МПа арқылы бу шығы (дренаж) мен негізгі шықтың энтальпиялары табылады: $h'_7 = 218$ кДж/кг және $h_{в7} = 201$ кДж/кг.

Табылған мәліметтерді 3 - кестеге толтырамыз.


1.2.10 Желі су қыздырғыштарының есебі

Желі су қыздырғыштарының сұлбесі 8 - суретте келтірілген.

1) Төменгі желі су қыздырғышына бу шығысын анықтау

Жылулық баланс теңдеуі

$$D_{св}^T \cdot C \cdot (t_1 - t_{ом}) = D_{но}^T \cdot (h_6 - h'_6) \cdot \eta_{псв} ;$$



8 Сурет – Желі су қыздырғыштарының сұлбесі

Жылулық баланс теңдеуінен төменгі желі су қыздырғышына қажетті бу шығысы анықталады

$$D_{но}^T = D_{св}^T \cdot C \cdot (t_1 - t_{ом}) / (h_6 - h'_6) \cdot \eta_{псв} =$$

$$= 1700 \cdot 4,19 \cdot (90 - 70) / (2552 - 398) \cdot 0,98 = 67,5 \text{ т/сағ} = 18,75 \text{ кг/с};$$

2) Жоғарғы желі су қыздырғышына бу шығысын анықтау

Жылулық баланс теңдеуі

$$D_{св}^T \cdot C \cdot (t_2 - t_1) = D_{во}^T \cdot (h_5 - h'_5) \cdot \eta_{псв} ;$$

Жылулық баланс теңдеуінен жоғарғы желі су қыздырғышына қажетті бу шығысы анықталады

$$D_{во}^T = D_{св}^T \cdot C \cdot (t_2 - t_1) / (h_5 - h'_5) \cdot \eta_{псв} =$$

$$= 1700 \cdot 4,19 \cdot (110 - 90) / (2644 - 483) \cdot 0,98 = 67,3 \text{ т/сағ} = 18,68 \text{ кг/с};$$

1.2.11 Регенеративті су қыздырғыштарға бу шығысын анықтау

ПТ-80/100-130/13 бу турбинының жұмыс тәртіп диаграмма арқылы, берілген жылулық жүктемелер арқылы турбина кірісіндегі бу шығысын анықтаймыз $D_0 = 122,8$ кг/с.

Будың шығындары мен үрлеу мөлшерлерін ескеріп, қорек су шығысы анықталады $D_{пв}$:

$$D_{пв} = D_0 + \alpha_{ут} \cdot D_{пв} + D_{пр} = 122,8 + 0,016 \cdot D_{пв} + 1,39 ;$$

$$D_{пв} - 0,016 \cdot D_{пв} = (122,8 + 1,39);$$

$$D_{пв} \cdot (1 - 0,016) = (122,8 + 1,39);$$


$$D_{пв} = (122,8 + 1,39) / (1 - 0,016) = 126,2 \text{ кг/с};$$

мұнда бу қазанның үрлеу суының шығысы

$$D_{пр} = p \cdot D_{ка} = 0,01 \cdot 500 = 5 \text{ т/сағ} = 1,39 \text{ кг/с};$$

бу шығынының мөлшері $D_{ут} = \alpha_{ут} \cdot D_{пв} = 0,016 \cdot D_{пв}$.

Регенеративті су қыздыру сұлбесінің есебі су қыздырғыштардың жылулық баланс теңдеулері арқылы өткізіледі. Жылулық есептер жоғары қысымды (ПВД) қыздырғыштардан басталады, содан соң газсыздандырғыш және төмен қысымды қыздырғыштар (ПНД) тобы есептеледі. ПВД сұлбесі 9 - суретте келтірілген.



9 Сурет – ПВД қыздырғыштар тобының жылулық сұлбесі

ПВД-1 қыздырғышының жылулық балансы

$$D_1 \cdot (h_1 - h_{др1}) \cdot \eta_{п} = D_{пв} \cdot (h_{в1} - h_{в2});$$

ПВД-1 қыздырғышына бу шығысы

$$D_1 = D_{пв} \cdot (h_{в1} - h_{в2}) / (h_1 - h_{др1}) \cdot \eta_{п} = \\ = 126,2 \cdot (994 - 892,7) / (3200 - 1115) \cdot 0,98 = 6,19 \text{ кг/с};$$

ПВД-2 қыздырғышының жылулық балансы

$$D_2 \cdot (h_2 - h_{др2}) \cdot \eta_{п} + D_1 \cdot (h_{др1} - h_{др2}) \cdot \eta_{п} = D_{пв} \cdot (h_{в2} - h_{в3});$$

ПВД-2 қыздырғышының жылулық балансынан бу шығысы

$$D_2 = [D_{пв} \cdot (h_{в3} - h_{в3}) - D_1 \cdot (h_{др1} - h_{др2}) \cdot \eta_{п}] / (h_2 - h_{др2}) \cdot \eta_{п} =$$

$$= [126,2 \cdot (892,7 - 791,4) - 6,19 \cdot (1115 - 962) \cdot 0,98] / (3076 - 962) \cdot 0,98 = 5,66 \text{ кг/с};$$

ПВД-3 қыздырғышының жылулық балансынан бу шығысы

$$D_3 \cdot (h_3 - h_{др3}) \cdot \eta_{п} + (D_1 + D_2) \cdot (h_{др2} - h_{др3}) \cdot \eta_{п} = D_{пв} \cdot (h_{в3} - h_{пн});$$

ПВД-3 қыздырғышының жылулық балансынан бу шығысы табылады

$$D_3 = [D_{пв} \cdot (h_{в3} - h_{пн}) - (D_1 + D_2) \cdot (h_{др2} - h_{др3}) \cdot \eta_{п}] / (h_3 - h_{др3}) \cdot \eta_{п} =$$


$$= [126,2 \cdot (791,4 - 690,1) - (6,19 + 5,66) \cdot (962 - 810) \cdot 0,98] / (2940 - 810) \cdot 0,98 = 5,22 \text{ кг/с};$$

ПВД тобынан газсыздандырышқа берілетін шық (дренаж) мөлшері

$$D_{пвд} = D_1 + D_2 + D_3 = 6,19 + 5,66 + 5,22 = 17,07 \text{ кг/с};$$

Газсыздандырыш (деаэратор) есебі

Газсыздандырыштың сұлбесі 10 - суретте келтірген. Газсыздандырышқа бу үшінші бу алымынан беріледі және ПВД тобының шығы мен ПНД-4 қыздырғыштан соңғы шық жіберіледі.



10 Сурет – Газсыздандырыштың сұлбесі

Газсыздандырыштың материалды баланс теңдеуі

$$D_{пв} - D_{д} - D_{c1} - D_{пвд} = D_{кд},$$

Газсыздандырыштың материалды баланс теңдеуінен берілетін ПНД-4 қыздырғыштан соңғы негізгі шық мөлшері

$$D_{кд} = D_{пв} - D_{д} - D_{c1} - D_{пвд} =$$

$$= 126,2 - D_{д} - 0,61 - 6,19 - 5,66 - 5,22 = (108,52 - D_{д});$$

Газсыздандырыштың жылулық баланс теңдеуі

$$D_{пв} \cdot h_{вд} / \eta_{д} = D_{д} \cdot h_{д} + D_{кд} \cdot h_{в4} + D_{c1} \cdot h_{c1} + D_{пвд} \cdot h_{др3};$$

Теңдеулердің есебі өткізіледі

$$D_{пв} \cdot h_{вд} / \eta_d = D_d \cdot h_d + (108,52 - D_d) \cdot h_{в4} + D_{с1} \cdot h_{с1} + D_{пвд} \cdot h_{др3} ;$$

$$126,2 \cdot 690,1 / 0,99 = D_d \cdot 2940 + (108,52 - D_d) \cdot 582,4 + 0,61 \cdot 2757 + 17,07 \cdot 810;$$


Газсыздандырғышқа қажетті бу шығысы $D_d = 3,93$ кг/с ;

ПНД-4 қыздырғыштан берілетін негізгі шық мөлшері

$$D_{кд} = 108,52 - D_d = 108,52 - 3,93 = 104,59 \text{ кг/с.}$$

ПНД тобының жылулық есебі

ПНД тобының жылулық сұлбесі 11 - суретте келтірген. Сұлбе бойынша шық жолында ағын қосылуының үш нүктесі бар, сондықтан әр қосылу нүктелерден соңғы шық ағынның энтальпиясын табу қажет.



11 Сурет – ПНД тобының жылулық сұлбесі

ПНД-4 қыздырғышының есебі

ПНД-4 пен ПНД-5 аралығында жоғарға желі қыздырғыштың шығы еңгізіледі, шық мөлшері $D_{во}^T = 18,68$ кг/с, энтальпиясы $h_{др5} = 483$ кДж/кг, сондықтан ПНД-4 қыздырғыш кірісіндегі (1 қосылу нүктедегі) энтальпия мөлшерін анықтау қажет.

1 нүктенің материалды баланс теңдеуінен

$$D_{к2} = D_{кд} - D_{во}^T = 104,59 - 18,68 = 85,91 \text{ кг/с,}$$

1 нүктенің жылулық баланс теңдеуі

$$D_{кд} \cdot h_{см1} = D_{к2} \cdot h_{в5} + D_{во}^T \cdot h_{др5} ;$$

$$104,59 \cdot h_{см1} = 85,91 \cdot 430,2 + 18,68 \cdot 483 ;$$

$$h_{см1} = 439,6 \text{ кДж/кг .}$$

ПНД-4 қыздырғыштың жылулық баланс теңдеуі

$$D_4 \cdot (h_4 - h_{др4}) \cdot \eta_{п} = D_{кд} \cdot (h_{в4} - h_{см1});$$

$$D_4 = D_{кд} \cdot (h_{в4} - h_{см1}) / [(h_4 - h_{др4}) \cdot \eta_{п}] = \\ = 104,59 \cdot (582,4 - 439,6) / [(2762 - 601) \cdot 0,99] = 6,98 \text{ кг/с},$$

ПНД-5 қыздырғышының есебі

2 қосылу нүктедегі ағын энтальпиясы табылады

$$D_{к2} \cdot h_{см2} = D_{к1} \cdot h_{в5} + (D_{но}^T + D_{с2} + D_4 + D_5 + D_6) \cdot h_{др6};$$

$$D_{к1} = D_{к2} - (D_{но}^T + D_{с2} + D_4 + D_5 + D_6) = \\ = 85,91 - 25,79 - D_5 - D_6 = (60,12 - D_5 - D_6) \text{ кг/с}.$$

$$85,91 \cdot h_{см2} = (60,12 - D_5 - D_6) \cdot 277,9 + (25,79 + D_5 + D_6) \cdot 398$$

$$h_{см2} = (313,95 + 1,4 \cdot D_5 + 1,4 \cdot D_6) \text{ кДж/кг}.$$

ПНД-5 қыздырғыштың жылулық баланс теңдеуі

$$D_5 \cdot (h_5 - h_{др5}) \cdot \eta_{п} + D_4 \cdot (h_{др4} - h_{др5}) \cdot \eta_{п} + D_{с2} \cdot (h_{с2} - h_{др5}) \cdot \eta_{п} = D_{к2} \cdot (h_{в5} - h_{см2});$$

$$D_5 \cdot (2644 - 483) \cdot 0,99 + 6,98 \cdot (601 - 483) \cdot 0,99 + 0,06 \cdot (2699 - 483) \cdot 0,99 = \\ = 85,91 \cdot (430,2 - 313,95 - 1,4 \cdot D_5 - 1,4 \cdot D_6);$$

$$2559,66 \cdot D_5 = 9040 - 120,27 \cdot D_6;$$

$$D_5 = (3,53 - 0,047 \cdot D_6); \quad \text{кг/с},$$

ПНД-6 қыздырғышының есебі

3 нүктенің жылулық баланс теңдеуі

$$D_{к1} \cdot h_{см3} = D_{д}^{пк} \cdot h'_{д} + D_{к} \cdot h_{в7};$$

мұнда $D_{д}^{пк}$ – вакуумды газсыздандырғышта дайындалған қазандарға қажетті газсыздандырылған судың мөлшері,

$$D_{д}^{пк} = 0,016 \cdot D_{пв} + D_{п} + D_{пр}^{п} = 0,016 \cdot 126,2 + 41,67 + 0,72 = 44,4 \text{ кг/с}; \\ \text{мұнда } D_{п} = 150 \text{ т/ч} = 41,67 \text{ кг/с}; D_{пр}^{п} = 2,58 \text{ т/ч} = 0,72 \text{ кг/с};$$

Белгілі мөлшерлерді 1 нүктенің жылулық баланс теңдеуіне еңгізіп
 $(60,12 - D_5 - D_6) \cdot h_{см1} = 44,4 \cdot 208,4 + (60,12 - D_5 - D_6 - 44,4) \cdot 201;$

мұнда вакуумды газсыздандырғышта дайындалған қазанға қажетті су энтальпиясы $h'_d = 208,4$ кДж/кг.

3 нүктенің жылулық баланс теңдеуіне $D_5 = (3,53 - 0,047 \cdot D_6)$ мөлшерді еңгізіп, 3 нүктеден шыққан шық энтальпиясын табамыз

$$(60,12 - 3,53 + 0,047 \cdot D_6 - D_6) \cdot h_{см3} = \\ = 8180 + (15,72 - 3,53 + 0,047 \cdot D_6 - D_6) \cdot 201;$$

$$h_{см3} = (10630 - 201 \cdot D_6) / (56,6 - D_6);$$

ПНД-6 қыздырғыштың жылулық баланс теңдеуі

$$D_6 \cdot (h_6 - h_{др6}) \cdot \eta_{п} + (D_{с2} + D_4 + D_5) \cdot (h_{др5} - h_{др6}) \cdot \eta_{п} = D_{к1} \cdot (h_{в6} - h_{см3});$$

$$D_6 \cdot (2552 - 398) \cdot 0,99 + (0,22 + 6,98 + 3,53 - 0,047 \cdot D_6) \cdot (483 - 398) \cdot 0,99 = \\ = (60,12 - 3,53 + 0,047 \cdot D_6 - D_6) \cdot [277,9 - (10630 + 201 \cdot D_6) / (56,6 - D_6)];$$

$$2555,7 \cdot D_6 - 903 = (56,6 - D_6) \cdot [(5099 - 76,9 \cdot D_6) / (56,6 - D_6)];$$

$$2478,8 \cdot D_6 = 6002;$$

$$D_6 = 6002 / 2478,8 = 2,42 \text{ кг/с},$$

$$D_5 = (3,53 - 0,047 \cdot D_6) = (3,53 - 0,047 \cdot 2,42) = 3,4 \text{ кг/с},$$

$$D_{к1} = (60,12 - D_5 - D_6) = 60,12 - 3,4 - 2,42 = 54,3 \text{ кг/с}$$

$$D_{к} = D_{к1} - D_{д}^{пк} = 54,3 - 44,4 = 9,9 \text{ кг/с}.$$

ПНД-7 қыздырғыштың жылулық баланс теңдеуі

$$D_7 \cdot (h_7 - h_{др7}) \cdot \eta_{п} = D_{к} \cdot (h_{в7} - h_{вк});$$

ПНД-7 қыздырғышына бу шығысы

$$D_7 = D_{к} \cdot (h_{в7} - h_{вк}) / (h_7 - h_{др7}) \cdot \eta_{п} =$$

$$= 9,9 \cdot (201 - 125,7) / (2378 - 218) \cdot 0,98 = 0,35 \text{ кг/с}.$$

1.2.12 Қуаттар теңдеуі

Турбинадағы бу ағынының қуаты

Бірінші бу алымының

$$N_1^I = D_1 \cdot (h_0 - h_1) = 6,19 \cdot (3444 - 3200) = 1510,36 \text{ кВт};$$

Екінші бу алымының

$$N_1^{II} = D_2 \cdot (h_0 - h_2) = 5,66 \cdot (3444 - 3076) = 2082,88 \text{ кВт};$$

Үшінші бу алымының

$$N_1^{III} = (D_3 + D_{п} + D_{д}) \cdot (h_0 - h_3) =$$

$$= (5,22 + 41,7 + 3,93) \cdot (3444 - 2940) = 25612 \text{ кВт};$$

Төртінші бу алымының

$$N_i^{IV} = D_4 \cdot (h_0 - h_4) = 6,98 \cdot (3444 - 2762) = 4760,4 \text{ кВт};$$

Бесінші бу алымының

$$N_i^V = (D_5 + D_{\text{во}}^T) \cdot (h_0 - h_5) = \\ = (3,4 + 18,68) \cdot (3444 - 2644) = 17664 \text{ кВт};$$

Алтыншы бу алымының

$$N_i^{VI} = (D_6 + D_{\text{но}}^T) \cdot (h_0 - h_6) = \\ = (2,42 + 18,75) \cdot (3444 - 2552) = 18883,6 \text{ кВт};$$

Жетінші бу алымының

$$N_i^{VII} = D_7 \cdot (h_0 - h_7) = 0,35 \cdot (3444 - 2378) = 373,1 \text{ кВт};$$

Шықтағышқа жіберілетін бу ағынының қуаты

$$N_k = D_k \cdot (h_0 - h_k) = 9,9 \cdot (3444 - 2280) = 11523,6 \text{ кВт};$$

Турбинадағы бу ағынының толық қуаты

$$N_i = N_i^I + N_i^{II} + N_i^{III} + N_i^{IV} + N_i^V + N_i^{VI} + N_i^{VII} + N_k = 1510,36 + 2082,88 + \\ + 25612 + 4760,4 + 17664 + 18883,6 + 373,1 + 11523,6 = 82409,9 \text{ кВт};$$

Электр генератордың қуаты

$$N_э = N_i \cdot \eta_m \cdot \eta_{эг} = 82409,9 \cdot 0,982 \cdot 0,988 = 80000 \text{ кВт}.$$

1.2.13 ЖЭО-ның түрі Т бу турбинасының жылулық сұлбесінің есебі

1. Т-110/120-130 бу турбинаның жылулық сұлбесінің есебін өткізу шарттары

Жылулық жүктемелер:

жылумен қамтамасыздандыруға $Q_{от} = 690 \text{ ГДж/сағ};$

ыстық сумен қамдауға $Q_{гвс} = 40 \text{ ГДж/сағ};$

толық жүктеме суммарная нагрузка $Q^{T-100} = 730 \text{ ГДж/сағ}.$

Жылумен қамтамасыз ететін жүйе түрі ашық.

Температуралық график 150/70 °С.

Химиялық су тазарту (ХСТ) жүйесіне жіберілетін су шықтағыштағы арнайы құбырларда $t = 30 \text{ °С}$ температураға дейін қыздырылады. Алғашқы су температурасы 5 °С .

2. Т-110/120-130 бу турбинасының техникалық сипаттамалары

Турбинаның номиналды қуаты 110 МВт.

Жылулық бу алымдарының номиналды жүктемесі 733 ГДж/сағ.

